

АЙТЫЛҒАН МӘСЕЛЕ АЯҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



МЕКТЕПТЕГІ АЛМА БАҒЫ

5-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ТЫВАНЫ ТАМСАНТТЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазір елімізде рухы азат, ойы еркін ұрпақ өсіп келеді. Заңды сыйлау, тәртіпке бағыну қоғамның мызғымас қағидасына айнала бастады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан жаңа сипатты ел болу жолына бет бұрды. Бірақ өзгерістерді жасау бір бөлек болса, оны біржола орнықтыру – бір басқа мәселе. Ол үшін, ең алдымен, қоғам санасы түбегейлі жаңғыруы қажет.

№96
(4840)
Сенбі
16 тамыз
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



2-3

ҰСТАЗ – ҰЛТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы Тамыз конференциясының пленарлық отырысына қатысып, сөз сөйледі.

«Бұл – өскелең ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру мәселесіне арналған өте маңызды басқосу» деген Президент орта білім беру саласындағы түйткілді мәселелердің шешімін айтты. Мемлекет басшысы соңғы төрт жылдың ішінде мұғалімдердің жалақысы 2 есе өскенін, жаңа оқу жылынан бастап шәкіртақы 84 мың теңгеге көбейетінін, 2019 жылдан бері білім саласының бюджеті үш есе артып, 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1200 мектеп ашылғанын мәлімдеді. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімнің білігін көтеру, ауыл баласы мен қала баласына білім алу мүмкіндігін теңестіру, балаларға қатысты кез келген жағдайда мұғалімді жазалау орынсыз екенін және т. б. мәселелерге тоқталды.

ҚАЗАҚСТАН КӨШ БАСТАДЫ

Халықаралық валюта қорының мәліметінше, Қазақстан қазіргі бағамен жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көрсеткіші бойынша посткеңестік кеңістікте көшбасшыға айналды.

ХВҚ-ның соңғы деректері бойынша Қазақстан 2025 жылы жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің елеулі деңгейіне – 14,77 мың долларға жетті. Бұл көрсеткіш ағымдағы бағалармен есептеледі, яғни бағаның ағымдағы деңгейі мен инфляцияны ескерсек, экономикалық әл-ауқаттың маңызды көрсеткіші етеді. Салыстыру үшін айтсақ, дәстүрлі түрде посткеңестік кеңістіктің экономикалық көшбасшысы саналатын Ресей 14,26 мың доллар, ал энергетикалық ресурстарға бай Түрікменстан 13,34 мың доллар нәтиже көрсетті. Айта кетерлігі, Қазақстан жан басына шаққандағы ЖІӨ 13,69 мың долларды құраған Қытайды басып озды. Бұрынғы посткеңестік елдердегі ЖІӨ көрсеткіштері рейтингінде Грузия (9,57 мың доллар), Армения (8,86 мың доллар), Молдова (8,26 мың доллар), Беларусь (7,88 мың доллар), Әзербайжан (7,6 мың доллар), Украина (6,26 мың доллар), Өзбекстан (3,51 мың доллар), Қырғызстан (2,75 мың доллар) және Тәжікстан (1,43 мың доллар) тұр.

ДҮЙСЕНБІ – ДЕМАЛЫС

Елімізде 30 тамыз – басты мемлекеттік мерекелердің бірі Конституция күні аталып өтеді. Биыл бұл күн аптаның сенбісіне келіп тұр.

Үкімет қаулысына сәйкес, 30 тамыз сенбіге сәйкес келгендіктен, бес күндік жұмыс аптасындағылар үшін демалыс күні ауыстырылды, атап айтқанда, қосымша бір күн 1 қыркүйек, дүйсенбі демалыс болады. Демалыс кестесі: бес күндік жұмыс аптасы: 30, 31 тамыз және 1 қыркүйек – демалыс күні; алты күндік жұмыс аптасы: 30 және 31 тамыз – демалыс, 1 қыркүйек – жұмыс күні.

16-17 ТАМЫЗ
ТӘЖІК
ЖӘРМЕҢКЕСІ

Тәжікстан кәсіпкерлері ауыл шаруашылығының 1000 тоннадан астам өнімін сатуға әкеледі: жеміс-жидек, құрма, жаңғақ, көкөніс, бақша өнімдері және өзге де дәнді-дақылдар. Жәрмеңке 16 тамыз күні 11:00-ден 19:00-ге дейін, ал 17 тамыз күні 10:00-ден 19:00-ге дейін «Барыс Арена» маңындағы аумақта өтеді.



АСТАНА – СПОРТ ҚАЛАСЫ

Бүгінгі таңда елордалықтардың 40 пайызға жуығы жүйелі түрде спортпен айналысады. Қала тұрғындарының бұқаралық спортпен айналысуына жан-жақты жағдай жасалып отыр.

«Aulafit», «Өзіңнен баста», «Funny sport» сияқты спорттық-әлеуметтік жобалардың аясында мыңдаған елордалық саябақтар мен қоғамдық кеңістіктерде ұйымдастырылатын тегін дене шынықтыру жаттығуларына, йога, скандинавиялық жүріс, өзін-өзі қорғау және түрлі спорт түріне қатысады. Ал балалар мен жасөспірімдерге арналған 10 спорт мектебінде 8 мыңнан астам бала кәсіби спортпен айналысады.



6

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 635.00 $ USD/KZT 544.00 ₽ RUB/KZT 6.83 ¥ CNY/KZT 75.44

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№96 (4840) 16/08/2025 Сенбі

ҰСТАЗ – ҰЛТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «БІЛІМ КЕЛЕШЕГІ: АДАЛ АЗАМАТ, КӘСІБИ МАМАН» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Құрметті ұстаздар, жиынға қатысушылар! Ең алдымен, баршаңызға дәстүрлі Тамыз конференциясының ашылуы құтты болсын! Бұл – өскелең ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру мәселесіне арналған өте маңызды басқосу. Ұстаз – ұлттың шамшырағы. Сіздер күнделікті қажырлы еңбектеріңіз арқылы ел дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Жас ұрпақтың бойына білім нәрін сеуіп, озық ойлы ұлт тәрбиелеп жүрсіздер. Халқымыздың зияткерлік қуатын арттыруға белсене атсалысып жатсыздар. Мен еліміздегі ұстаздар қауымына шынайы ризашылығымды білдіремін! Шын мәнінде, мұғалімдер мемлекеттік маңызы бар жұмысты атқарып жатыр. Ыбырай Алтынсарин «Жақсы оқытушыны бәрінен де қымбат көремін» деген. Елдің ертеңі мұғалімдерге тікелей байланысты. Сондықтан ұстаздың қоғамдағы орны бәрінен биік болуға тиіс.

Біз бір ел, бір халық болып, Әділетті, Таза әрі Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үшін нақты реформаларды қолға алдық. Бұл – ауқымды әрі күрделі жұмыс. Бүгінге дейін біраз шаруа атқарылды. Елдегі саяси жүйе толық жаңғырды. Ұлттық экономиканың жаңа бағдары айқындалды. Қоғамымыз дамып, азаматтардың сана-сезімі өзгеруде. Мемлекеттік қызметте меритократия қағидаты басты орынға шықты. Билікте де «отбасылық жүйе» жоқ. Азаматтарды қызметке тағайындау кезінде ең алдымен олардың білімі мен кәсіби білігі ескеріледі.

Қазір елімізде рухы азат, ойы еркін ұрпақ өсіп келеді. Заңды сыйлау, тәртіпке бағыну қоғамның мызғымас қағидасына айнала бастады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан жаңа сипатты ел болу жолына бет бұрды. Бірақ өзгерістерді жасау бір бөлек болса, оны біржола орнықтыру – бір басқа мәселе. Ол үшін, ең алдымен, қоғам санасы түбегейлі жаңғыруы қажет. Осы ретте сіздерге, яғни, ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктеледі. Себебі нағыз «Адал азамат» мектеп қабырғасында қалыптасады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Мектептің жаны – мұғалім» деген. Біз өркениетті ел боламыз десек, ұстаздарға барынша жағдай жасауымыз керек. Мен білім беру саласына айрықша мән беремін. 2019 жылы Президент ретінде қабылдаған алғашқы шешімдердің бірі ұстаздарға қатысты болғанын білесіздер.

Қазір – білім мен ғылымның заманы. Жаһандану дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұпайы түгел болады. Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертең заман көшінің басында жүреміз. Сондықтан осы саланы қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді. Соңғы жылдары бұл бағытта ауқымды жұмыс атқарылды. 2019 жылдан бері білім саласының бюджеті үш есе артты. Осы уақытта 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1200 мектеп ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жалпы саны 217 мектеп құрылысы жоспарланды. Қазір 128 мектеп салынды. Бұдан бөлек, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаржысына алпыстан астам мектеп ашылды. Тағы 30-ға жуығы салынып жатыр.

«Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылданды. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы белгіленді. Бүгінде 74 мұғалім осы құрметті атаққа ие болды. Былтыр екі ұстаз «Қазақстанның Еңбек Ері» атанды. Бұл – барша педагогтер қауымына көрсетілген зор құрметтің белгісі. Мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсарту әрдайым басты назарда. Соңғы төрт жылдың ішінде олардың жалақысы 2 есе өсті. Қазіргі таңда 500 мыңнан астам ұстазға үстеме ақы төленеді. «Білім берудегі өзгерістердің мың көшбасшысы» жобасы қолға алынды. Осы жобаға қатысқан 332 маман мектеп директоры болып тағайындалды. Мұғалімдер өз міндетіне кірмейтін артық жұмыстан босатылды. Ұстаздың назары бала оқыту ісінде болуға тиіс.

Мұғалімдердің жаңа толқынын даярлау – айрықша маңызды жұмыс. Биыл білім беру саласына 13 мыңнан астам грант бөлінді. Педагог мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің шәкіртақысы бес жылда екі есе көбейді. Жаңа оқу жылынан бастап шәкіртақы 84 мың теңге болады. Осындай нақты шаралардың нәтижесінде жастардың мұғалім болуға ынтасы артып келеді. Былтыр 1800-ге жуық «Алтын белгі» иегері педагог мамандығына оқуға түскен. Ал биыл 2 мыңнан астам үздік түлек ұстаз мамандығын таңдап отыр. Бұл – барлық «Алтын белгі» иегерлерінің 23 пайызға жуығы деген сөз. Мұның бәрі қоғамда ұстаздардың абырой-беделінің арта түскенін аңғартады. Мұғалімнің білігін, мәртебесін көтеру және білім сапасын арттыру үшін басқа да көптеген шаралар атқарылды. Нәтижесі жаман емес. Биыл оқушыларымыз әлемдегі ең беделді жеті олимпиададан 27 медаль алды. Бұдан бөлек, халықаралық олимпиадалардан 1 мыңға жуық медаль иеленді. Бұл, әрине, ұл-қыздарымыздың сапалы білімі мен терең ізденісі және ұстаздардың қажырлы еңбегінің жемісі. Мен жақында осындай бір топ оқушыны Ақордаға арнайы шақырып, марапаттадым. Олар қазақтың зияткер ұлт екенін бүкіл әлемге танытып жүр.

Жалпы, нақты жетістіктер аз емес. Бірақ арқаны кеңге салуға болмайды. Себебі алда атқарылатын шаруа одан да көп. Осы орайда, оқу-ағарту саласына қатысты бірқатар ойымды ортаға салғым келеді.

БІРІНШІ. Білім сапасын жақсарта түсу қажет. Қазір ғылым мен білім, технология өте жылдам өзгеріп жатыр. Кеше алған білімің ертең өзекті болмай қалуы мүмкін. Сондықтан мұғалімнің білікті болуы өте маңызды мәселе. Жоғары оқу орнында алған біліммен шектеліп қалуға болмайтыны түсінікті. Озық ойлы шәкірт тәрбиелеу үшін ұстаздар ұдайы ізденіп, білімін жетілдіріп отыруы керек. Балалардың оқуға зейінін ашатын әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген абзал. Дағдыға мемлекеттерде білім беру саласы ұлттық экономиканың тірегі, қозғаушы күші екені белгілі. Сондай елдердің тәжірибесін зерттеген жөн. Бірақ басқалардың бала оқыту үлгісін құр көшіріп әкеле салуға да болмайды. Озық тәжірибені үйреніп, оны еліміздің болмысына бейімдеу керек.

Жалпы, білім беру стандарттарына, оқыту әдістемесіне, оқулыққа енгізілетін кез келген өзгерісті өте мұқият саралау қажет. Себебі білім саласында ешқандай қателікке жол беруге болмайды. Бір ғана қателіктің салдары өте ауыр болуы мүмкін. Тағы бір маңызды міндет – қала және ауыл мектебіндегі білім беру деңгейін теңестіру. Соңғы төрт жылда 4 мыңнан астам ауыл мектебінің материалдық-техникалық қоры жаңғыртылды. Оның басым көпшілігі – ауыл мектептері. Ауылдағы білім ошақтарына күрделі жөндеу жүргізіліп, жаңадан кітапханалар, асханалар мен спорт залдары салынып жатыр. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады. Баланың бәрі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да осы.

ЕКІНШІ. Білім тәрбиемен ұштасқанда ғана берекелі, сапалы болады. Білім мен тәрбие – кез келген қоғамның қос тұғыры. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Мектеп – білім мен тәлім-тәрбиенің киелі ордасы. Ұлы Абай «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген. Өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет. Ұл-қыздарымыз жақсы мен жаманның, ақ пен қараның арасын ажырата білуі керек.

Биылдан бастап елімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырыла бастайды. Бұл бағдарламаны барлық мектеп, соның ішінде жекеменшік мектептер де қолданады. Сондай-ақ мен осы жобаны педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарына да енгізуді ұсынамын. Ұлттық білім саласындағы тәрбие жұмысында біртұтас жүйе болуы керек. Жас ұрпақтың бойына жалпыұлттық құндылықтарды сіңіру қажет. Әрбір жас отаншыл, жасампаз, жаңашыл, білімпаз, еңбекқор, ұқыпты, үнемшіл болып өсуі керек. Сондай азаматтар ғана мәдениетті, қауіпсіз әрі «Заң мен тәртіп» үстемдік құратын қоғамның іргесін қаламақ.

Халқымыз «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп бекер айтпаған. Ұрпақ тәрбиесінде ата-ана, мұғалім және мемлекеттік органдар бірге жұмыс істеуге тиіс. Себебі жауапкершілік бәріне ортақ. Хакім Абай да «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп айтқан. «Отбасы – мектеп – мемлекет» үштігі үйлесімді болса, жақсы нәтижеге жетуге болады. Ал бұл үштіктің өзегінде еңбекқорлық идеясы болуға тиіс. Жас ұрпаққа еңбексіз ешқандай игілік болмайтынын үнемі түсіндіріп айту керек. Қоғамда масылдыққа жол бермеу қажет. Себебі бұл жол тек тығырыққа тірейді.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы – осы бағыттағы нақты шараның бірі. Мен бұған дейін де айттым. Таза Қазақстан дегеніміз қоршаған ортаны таза ұстау ғана емес. Әрине, ол да маңызды. Сонымен бірге, бұл – ой-сана тазалығы деген сөз. Жан-дүниесі таза адам қайырымды, мейірімді болады. Қолы таза адам жемқорлыққа бармайды, адал болады. Асыл қасиеттерді бойына сіңірген нағыз адал азаматтар Әділетті Қазақстанның тірегі болатыны сөзсіз.

ҮШІНШІ. Өскелең ұрпақты әлеуметтік кеселдерден сақтау маңызды. Балалар өмірлік дағдының көбін мектепте меңгереді. Олар мұнда тәртіпке бағынып, жүріп-тұру ережелері мен әдеп нормаларын сақтауды үйренеді. Сондықтан мектеп өзара құрмет пен жанашырлыққа толы үйлесімді қоғамның үлгісі болуға тиіс. Балаларды жауапкершілікке баулып, оларға кез келген әрекеттің салдары болатынын түсіндіру маңызды. «Заң мен тәртіп» қағидаты тәрбие жұмысының ажырамас бөлшегіне айналуға тиіс. Ең басты міндет – осы тұжырымдаманың мән-маңызын түсінікті тілде, озық педагогикалық әдістер арқылы өскелең ұрпақтың санасына сіңіру. Бұл іске директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мен мектеп психологтерінен бөлек, барша ұстаздар қауымы атсалысуға тиіс. Өйткені бұл – мемлекеттік маңызы бар міндет.

Балаларды әлеуметтік кеселдерден қорғау үшін олардың сыни ойлау қабілетін ұштау қажет. Жас ұрпақтың көп уақытын интернет пен әлеуметтік желілерде өткізетіні жасырын емес. Олар жалған идеялар мен мінез-құлықты бұзатын теріс тәрбиенің ықпалына оңай түсуі ықтимал. Сол себепті әр педагог балаларды өз эмоциясын ұстауға, кез келген нәрсеге немесе жағдайға байыппен қарап, дұрыс шешім қабылдауға үйретуі керек. Нашақорлық пен лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және бұзақылық сынды зиянды әдеттермен күресуде мұғалімдер айрықша рөл атқарады. Жас ұрпақ арасындағы наркотизмге қарсы іс-қимылға бүкіл қоғам болып жұмылу керек. Мен бұл туралы жақында Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында айттым. Бірақ, ең бастысы, әртүрлі стимуляторлармен әуестену, тіпті ол зиянсыз болса да, түбі жарға жығатынын балалар мен жастарға түсіндіру қажет.

Зиянды заттарды тұтыну немесе виртуалды ойындар арқылы шындықтан ажырап, қиялға ерік беру адамды айналасына жексұрын қылып, қоғамнан шеттетеді. Шын мәнінде, мұндай жандар өз болашағына балта шабады. Олар жақсы жұмыс тауып, берекелі отбасын құру мүмкіндігінен айырылады. Өзінің дарынын көрсетіп, биік мақсаттарға жете алмайды. Мектеп әр бала үшін қауіпсіз жер болуға тиіс. Зорлық-зомбылыққа, әлімжеттікке, яғни, буллингке, қатыгездік пен озбырлыққа мүлде жол берілмеуі керек. Соңғы екі жылда өскелең ұрпақтың құқығын қорғау үшін нақты шаралар қабылданды. Атап айтқанда, кәмелет жасына толмағандарға қатысты жасалған кез келген зорлық-зомбылық үшін берілетін жаза қатайды, Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің құзыреті кеңейді.

Сондай-ақ тағы бір өзекті мәселе. Балалардың өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының, яғни, суицидтің алдын алу бойынша жүйелі жұмыс істеліп жатыр. Еліміздегі барлық мектепте «111» психологиялық қолдау қызметінің QR-коды орнатылды. Жаңа оқу жылынан бастап мектептер мен колледждерде әлімжеттікке, буллингке қарсы «ДосболLIKE» атты бағдар-

№96 (4840) 16/08/2025 Сенбі



лама іске қосылады. Негізгі мақсат – балалар мен жеткіншектер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Бұл бағыттағы маңызды жұмыс тоқтамайды, жасөспірімдердің құқығы мен мүддесін қорғау мәселесі әрдайым мемлекет назарында болады. «Неексең, соны орасың» деген. Қазір біз бір қоғам болып жас ұрпақтың бойына қандай құндылықтарды сіңірсек, ертең ондаған жылдан кейін ұлтымыздың сапасы да сондай болмақ. Әділетті, Озық, Таза, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанның іргесі мектепте қаланады.

ТӨРТІНШІ. Білім беру үдерісіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні жедел енгізу қажет. Әлем жаңа технологиялық дәуірге қадам басты. Оның басты нышанын инновацияның қарқынды дамуы мен жасанды интеллектінің өмірімізге дендеп енуінен байқауға болады. Сондықтан бүгінде «озық ойлы ұлт» пен «технологиялық ұлт» ұғымдары егіз. Біздің міндетіміз – жаһандық үрдістерге бейімделу. Ол үшін білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның қарқынын үдету өте маңызды. Цифрландыру мен жасанды интеллектіні игеру білім саласындағы теңсіздікті еңсеріп, оқу сапасын айтарлықтай арттыруға үлес қосады. Бүгінде еліміздегі мектептердің 95 пайыздан астамы жылдам интернетпен қамтылған. Аталған көрсеткішті 100 пайызға жеткізу керек. Жерсерік жүйелерінің мүмкіндіктерін осы мақсатқа пайдалануға болады. Мұны жай ғана инфрақұрылымға теңдей қол жеткізу мәселесі емес, әлеуметтік әділдіктің маңызды идеологиялық қағидаты ретінде қарастырған жөн.

Сонымен қатар озық инновациялық тәсілдер ерекше қажеттілігі бар балалардың толыққанды білім алуына жол ашып, инклюзивті орта қалыптастыруға мүмкіндік беруде. Елімізде мектепке немесе колледжге қабылдау, сондай-ақ басқа мектепке ауысу бойынша барлық негізгі қызметтер цифрлық жүйеге көшірілген. Электронды Үкіметтің мобильді қосымшасында білім саласына қатысты барлық ақпарат жиналған Bilim қызметі жұмыс істеп тұр. Бірақ алда әлі де ауқымды жұмыс бар. Босаңсуға болмайды. Үкімет пен әкімдер бұл жұмысқа баса мән беруі керек. Мысалы, білім беру мекемелерін тиісті интерактивті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету керек. Оқытуға арналған цифрлық платформалар мен электронды оқулықтар барлық оқушыға қолжетімді болуға тиіс. Бұл ретте оқыту материалдары түгел мұқият сарапталуы керек.

Келесі маңызды міндет. Балаларға жастайынан жасанды интеллект технологиясын оқытқан жөн. Бұл – болашақта жастарымыздың бәсекеге қабілетті озық маман болуына қажетті бірден-бір дағды. Бұл педагогтерге де қатысты. Мұғалім өз пәнін жетік меңгеріп қана қоймай, педагогикалық тәжірибеде жаңа технологияларды да қолдана білуі керек. Жалпы, білім беру саласын мүлдем жаңа сапалы деңгейге шығару үшін цифрландыру мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланған жөн. Сіздер тұтас елімізді технологиялық тұрғыдан жаңғырту ісінде алдыңғы шептен табылып, біздің қоғамды нағыз прогрессивті әрі дамыған ұлтқа айналдыруға ерен үлес қосасыздар деп сенемін.

БЕСІНШІ. Мұғалімнің құқығын қорғау мәселесі әрдайым басты назарда болуға тиіс. Мен сөз басында ұстаздардың өз міндетінен тыс жұмыстардан босатылғанын айттым. Бірақ кейде жергілікті билік өкілдері заң талаптарын өрескел бұзып жатады. Прокуратура органдары мұндай заң бұзушылықтарға тосқауыл қоюы керек. Сондай-ақ балаларға қатысты кез келген жазатайым жағдай үшін де мұғалімді жазалау орынсыз деп санаймын. Мектептен тыс жерде, ата-аналардың жауапсыздығынан оқыс оқиға болса, оған ұстаз жауапты емес. Алматы облысында түлектер арасында болған қайғылы жағдай үшін директор мен мұғалімдер жауапқа тартылып, жұмыстан шығарылды. Министрлік олардың мүддесін қорғап қалды. Дұрыс. Біз мұндай келеңсіздікке жол бермеуіміз керек. «Педагог мәртебесі туралы» заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізу қажет деп санаймын. Мемлекеттің міндеті – мұғалімнің қоғамдағы беделін және мәртебесін мейлінше арттыру.

Тағы бір мәселе. Маңғыстауда балалар сапасыз тамақтан уланып қалғанын білесіздер. Осы сұмдық жағдайдан кейін мектептегі тамақтың сапасын қадағалау жұмысын Денсаулық сақтау министрлігі толығымен өз міндетіне алды. Бұл өте дұрыс шешім болды. Жалпы, білім саласы – мемлекет үшін стратегиялық мәні бар сала. Сондықтан құзырлы мемлекеттік органдар білім саласындағы мәселелерден сырт қалмауы керек. Түптеп келгенде, балалардың амандығы, олардың денсаулығы және сапалы білім алуы – еліміздің келешегіне тікелей қатысы бар мәселе.

Құрметті достар! Біз баршаға және әркімге тең мүмкіндіктер беретін елге айналу жолында ауқымды, келешекті көздеген мақсат қойдық. Бұл өршіл мұратқа қол жеткізуге әбден болады. Қазірдің өзінде Қазақстан қарқынды дамып келе жатқан прогрессивті мемлекет саналады. Өз жастарымыз ғана емес, түрлі елдердің, соның ішінде көрші мемлекеттердің көптеген азаматтары да болашағын Қазақстанмен байланыстырғысы келеді. Біз халықаралық аренадағы осы абырой-беделімізді бірте-бірте нығайтып, таланттар, жаңашыл идеялар мен инновациялық технологиялар шоғырланатын елге айналуымыз керек. Бүгін бәріміз тұтас ел болып жасап жатқан әрбір қадам, әрбір шешім Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтып, келешегін айқындайды. Билік те, сіздер де, құрметті ұстаздар, бір мақсат жолында еңбек етіп келеміз, бұл – өскелең ұрпақтың амандығы және жарқын болашағы. Сондықтан біз алдағы уақытта да мұғалім мәртебесін көтеру үшін қажетті жағдайдың бәрін жасаймыз.

Әлем тарихында білімғылымды басты орынға қойып, дамудың даңғыл жолына түскен, орасан зор табысқа жеткен елдер аз емес. Білім мен ғылым Қазақстан дамуының қозғаушы күші болуға тиіс. Алдағы жылдары осы міндетті орындауға бар күш-жігерімізді салып жұмыс істеуіміз керек. Бұл – Мемлекет басшысы ретінде мен үшін мызғымас басымдық. Мен Қазақстан ұстаздарының қажырлы еңбегін жоғары бағалаймын, сіздер жас буынға беріп жатқан білімнің күшіне сенемін. Шын мәнінде, ұстаздық жай мамандық емес, бұл – ұлы миссия. Адам қандай жетістікке жетіп, биікке шықса да, ұстазының алдында өмір бойы шәкірт болып қалады. Қазақстанның жарқын болашағы сіздердің табанды еңбектеріңізге тікелей байланысты. Себебі сіздер тұтас ұлтты оқытып, тәрбиелеп жатсыздар. Осы жауапкершілікті терең сезініп, қастерлі міндетті абыроймен атқара бересіздер деп сенемін. Сіздердің еңбектеріңіз ең жоғары құрметке лайық. Мен бүгінгі Тамыз конференциясына орай бір топ ұстазды мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойдым. Бес мұғалімге «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы беріледі. Баршаңызға құтты болсын! Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін! Көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр шәкірттеріңіз көбейе берсін! Жаңа оқу жылы табысты болсын!

УӘКІЛ ҰСЫНЫСЫН ЖЕТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Астана қаласы бойынша өкілі Баян Жалмағанбетованы қабылдады.

Кездесуде адам құқықтарын қорғау, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдай жасау мәселелері талқыланды. Баян Жалмағанбетова Мемлекет басшысына аталған салаға қатысты бірқатар ұсынысын жеткізді.

Президент 2023 жылдың желтоқсан айында арнайы Жарлықпен Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары бекітілгенін атап өтіп, омбудсмен және оның өкілдері осы құжатты тиімді жүзеге асыру ісінде негізгі институт рөлін атқаратынына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтық белсенділік танытқаны үшін Баян Жалмағанбетоваға ризашылығын білдіріп, басқа өңірлер елордаға қарап бой түзейтінін, сондықтан бұл істе оған айрықша жауапкершілік жүктелетінін айтты.

Президент мүмкіндігі шектеулі жандардың мұң-мұқтажын шешу үшін әкімдікпен және министрліктермен тығыз жұмыс істеу, үкіметтік емес ұйымдарды ортақ іске жұмылдыру маңызды екеніне тоқталды.



ЕГІН ЖИНАУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Тамыздың үшінші онкүндігінде басталуы күтіліп отырған жаппай егін жинау науқаны қарсаңында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин жедел штаб отырысын өткізді.

Бүгінде жаңа өнім жинау жұмыстары 12 өңірде – Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Түркістан, Абай және Жетісу облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында жүргізілуде. Жалпы жинау алаңы 23,6 млн гектарды құрайды, оның ішінде 16 млн гектары – дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар. Соңғы мәліметтер бойынша 1,1 млн гектар (дәнді дақылдар егісінің 6,6%-ы) орылып, 1,6 млн тонна астық бастырылды, 17,4 мың тонна майлы дақыл, 363,5 мың тонна картоп, 1,3 млн тонна көкөніс және 1,6 млн тонна бақша өнімдері жиналды.


Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері топыраққа 1,7 млн тонна тыңайтқыш енгізді, бұл жылдық жоспардың (1,9 млн тонна) 88%-ын құрайды. Барлығы 1,8 млн тоннаға келісімшарт жасалған, ал қалған көлемді күзде – күзгі жырту мен парларға енгізу жоспарланып отыр. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтановтың айтуынша, егін жинайтын техникалардың дайындық деңгейі 93%-ды құрайды, ал жаппай жинау кезеңінде ол 100%-ға жеткізіледі. Жұмысқа 139 мың трактор, 31 мың комбайн, 17 мың шапқыш және 130 мың бірлік басқа да техника жұмылдырылмақ.

Егін жинау жұмыстарына 402 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінген, оның 9,3 мың тоннасы (жоспардың 42%-ы) шаруаларға жеткізілді. Жанармай бағасы нарықтан 18-20%-ға төмен. Жаңа өнімді қабылдау үшін элеваторлардан орын босату мәселесі жеке қаралды. Қазіргі уақытта олардың жүктемесі 16%-ды құрайды. Бұл – жалпы сыйымдылығы 30,7 млн тоннаның (17,4 млн тоннасы – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінде, 13,3 млн тоннасы – лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарында) 2,2 млн тоннасы. Бұған дейін «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» тамыз айының соңына дейін кемінде 500 мың тонна астық өткізу тапсырған болатын. Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Ильдар Исмағұловтың мәліметінше, қазіргі таңда 328 мың тоннасы сатылды. Таиланд, Парсы шығанағы елдері, Ауғанстан, Әзербайжан және Алжирмен астық жеткізу жөнінде келіссөздер жүргізілуде. Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин қалдық астықты өткізуді жеделдетуді тапсырды.

Сондай-ақ көктемгі дала және жиын-терім жұмыстарына 5%-дық жеңілдетілген несиелендіру барысы қаралды. Қаржыландыру «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, екінші деңгейлі банктер, микроқаржы ұйымдары, өңірлік инвестиция орталықтары, несиелік серіктестіктер және ӘКК арқылы жүзеге асырылады. Барлығы 7543 өтінім түсіп, 499,4 млрд теңге сұралды, оның ішінде 7485 шаруашылыққа 490,1 млрд теңге қаржы беріліп, 7,8 млн гектар егістік қамтылды.

Суармалы сумен қамтамасыз ету жағдайы тұрақты. Алматы және Жетісу облыстарында вегетациялық кезең қауіпсіз өтіп жатыр, Жамбыл облысында Шу және Талас өзендері бойынша су беру кестеге сай жүргізілуде. Ауылдық округтерде бақша өнімдерін жинау аяқталып, суаруға деген қажеттілік азайды.

Отырыс соңында вице-премьер оңтүстік және негізгі астық өндіруші өңірлердің өкілдерін тыңдады.



№96 (4840) 16/08/2025 Сенбі





АЙТЫЛҒАН МӘСЕЛЕ АЯҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Бейсенбі күні Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордада алғашқы құрылған ауданның бірі – Алматы ауданы тұрғындарымен кездесті. Оқушылар сарайына жиылған елдің көкейіндегі сауалдарға жауап беріп, ұсыныстарын тыңдап, көтерілген мәселелер бойынша көпшілік ойын білді. Ал жиын басында аудан әкімі Рүстем Тәуекеловтің атқарылған жұмыстары жайында есебі тыңдалды. Есеп барысында құрылыс, жол жөндеу, абаттандыру, көгалдандыру, жарықтандыру және өзге де жұмыстар айтылды.

Ержан ҚОЖАС

АУДАН АЖАРЫН АШАТЫН ЖҰМЫС КӨП

1998 жылдың мамырында құрылған Алматы ауданының бүгінгі келбетін өткен жылдармен салыстыруға келмес. Өйткені мұнда атқарылған сан жұмыс бар.

«Биыл тұрғындармен 3 рет кездесу өткізіп, 237 өтінішті қабылдадым. Барлық мәселе назардан тыс қалмайды. Қазір ауданда 324 аулаішілік аумақ бар. Осы жылға 71 аула абаттандырылмақ. 42 аулада жұмыстар аяқталды, тамыздың соңына дейін тағы 24 аулада абаттандыруды аяқтаймыз. Ал 25 қыркүйекке дейін тағы 5 аула абаттандырылады. Сондай-ақ аула аумақтарын жөндеу-қалпына келтіру аяқталды. Жалпы биыл барлығы 122 аула аумағындағы жұмыстарды аяқтаймыз» дейді аудан әкімі.

Сонымен қатар ауданда 5 саябақ және 32 кіші саябақ орналасқан. Бұлардың барлығына күтім жасалыпты. Рүстем Тәуекеловтің айтуынша, тротуарлар, тақтайша төсемдер, орындықтар жөнделіп, қоршаулар, жарық бағандары мен шамдар қалпына келтірілген. Ұзақ уақыт бойы жұмыс істемеген қоғамдық дәретханалар да жаңарыпты.

«Осы жылға 15 қоғамдық кеңістік салу жоспарланған, қазір 6 кіші саябақта жұмыс аяқталды, соның ішінде Оңтүстік-шығыс шағын ауданындағы Келес көшесі, Теміржол тұрғын алабындағы Керегетас көшесі, «3 гектар» тұрғын үй кешенің жаны және «Хабар» тұрғын үй кешенінің қарсы бетіндегі кеңістікте жұмыс бітті. Ғ.Мүсірепов көшесіндегі қоғамдық кеңістіктегі жұмыс осы аптада аяқталады. Сондай-ақ Қазақстан футбол федерациясының жанындағы, Абылай хан даңғылының бойындағы «Күйшілер» аллеясы, Есіл өзенінің жағалауындағы және М.Жұмабаев даңғылында қоғамдық кеңістіктерде жұмыс басталса, Оқушылар сарайының айналасын абаттандыру осы айдың соңына дейін аяқталады» дейді ол.

Ресми ақпаратқа сүйенсек, Алматы ауданында жыл басынан бері әртүрлі (үйеңкі, шаған, терек, қарағаш) 3358 ағаш отырғызылған. Жыл соңына дейін 6448 ағаш отырғызу жоспарланыпты. Жалпы биыл аталған ауданда жалпы 9806 ағаш егіледі.

Әкімнің сөзінше, жасыл желектерді күтіп-ұстау және тиісті түрде баптау мақсатында ауданда 14 автоматтандырылған суару жүйесі жұмыс істейді. Биыл оның 6-уы қалпына келтірілген. Нәтижесінде суару алаңы 307,8 мың шаршы метрден 600 мың шаршы метрге дейін 2 есе ұлғаяды.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ТАРТУДА ІРКІЛІС ЖОҚ

Аудандағы өзекті мәселенің бірі – көшелерді, саябақтарды және аулалардың ішін жарықтандыру. Жыл басынан бері бұрын жарық болмаған 30-дан астам мекенжайға жарық жүргізілді. 150-ден астам аулада жарықтандыру жүйесі қайта қалпына келіпті. Жыл соңына дейін аудан аумағы 100% жарықпен қамтылады.

«Қазір Алматы ауданында 51 құрылыс нысаны жүргізілуде. Мысалы, М.Төлебаев және І.Жансүгіров көшелеріндегі 2 «Келешек мектептерінің» құрылысы жаңа оқу жылының басына дейін аяқталады. Мұнан бөлек, М.Төлебаев көшесінде орналасқан тұрғын үй кешенінің жанынан Оқушылар сарайының құрылысы жүрсе, «Қазақстан» спорт кешені қайта жаңғыртылуда. Екіншіден, жол инфрақұрылымы бойынша биыл бірқатар орташа жөндеу жұмысы атқарылды. Атап айтсақ, Абылай хан, Тәуелсіздік, М.Жұмабаев даңғылы және Амман көшесі жөндеуден өтті. Қазір М.Жұмабаев даңғылында жол жөндеу жұмысы жалғасуда, ол аяқталғаннан кейін Қажымұқан көшесінде жөндеу басталады» дейді аудан басшысы.

Шұңқырды жөндеу жұмыстары 74 көшеде, 500-ден астам учаскеде жүргізілген, 28 аулаішілік аумақта жұмыс атқарылып, тағы 14 аумақта қосымша жөндеу басталған.

«Біздің ауданда 281 аялдама кешені орналасқан. Оның ішінде 40 жылы аялдама бар. Енді қосымша 17 жаңа жылы әрі жайлы аялдама павильонын қою жоспарлануда. Айта кетейік, ауданның санитарлық тазалығын қамтамасыз ету және аумақты уақытылы тазалау үшін 21 мердігер ұйым тартылды. Бұл жерде 12 ұйым көшелерді, 9 ұйым аулаларды тазалаумен айналысуда» дейді Рүстем Тәуекелов.

ӘР МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ БОЛАДЫ

Аудан әкімінің баяндамасынан кейін Оқушылар сарайының арнайы залында микрофондар қосылып, тұрғындардың сұрақтарына қала әкімі Жеңіс Қасымбек пен аудан әкімі Рүстем Серікұлы жауап берді. Кездесуде көтерілген мәселелердің дені – тұрғын үй кезегі, коммуналдық-шаруашылық және әлеуметтік сұрақтар, Алматы ауданына қарасты инженерлік-инфрақұрылымдық жобалар, газдандыру саласы, білім мен денсаулық, тұрғын үй кезегі, инватакси жайы, шағын көшелерде бейнебақылау орнату, веложолдарды жөндеу мен көбейту және т. б.

Жеңіс ҚАСЫМБЕК, Астана қаласының әкімі:

«Алматы ауданының тұрғындарымен есептік кездесу барысында ниет білдіргендердің бәрі «ашық микрофон» форматында сұрақтарын қойып, ұсыныстарын жеткізді. Тұрғындар әлеуметтік нысандардың құрылысы, жол инфрақұрылымы, аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, жарықтандыру, көлік және т. б. мәселелерді қозғады.

Қазіргі уақытта ауданның М.Төлебаев және І.Жансүгіров көшелерінде «Келешек мектептерінің» құрылысы жүргізіліп жатыр. Мектептерді жаңа оқу жылының басына дейін ашу жоспарланып отыр. Сол сияқты М.Төлебаев көшесі, 5 мекенжайындағы көппәтерлі тұрғын үй кешенінің маңында Оқушылар сарайының, ал Р.Қошқарбаев даңғылы, 1 мекенжайында жалпы білім беретін жекеменшік мектептің құрылысы жүріп жатыр. Тамыз айында Теміржолшылар елді мекенінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ашамыз.

Биыл Алматы ауданында 15 қоғамдық кеңістік салу жоспарланып отыр. Бүгінде 6 гүлзарда жұмыс аяқталды, оның ішінде Оңтүстік-шығыс шағын ауданындағы Келес көшесі, Теміржолшылар елді мекеніндегі Керегетас көшесі, «3 гектара» тұрғын үй кешенінің маңы және «Хабар» ТК-ның қарсы бетіндегі кеңістік бар. Ғ.Мүсірепов көшесіндегі қоғамдық кеңістікте жұмыс аяқталуға жақын. Бұдан бөлек, 71 ауланы абаттандыру жоспарланып отыр. Абаттандыру барысында қаланы көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Кездесу барысында көтерілген мәселелерді шешу жұмысы қолға алынды. Оларды қысқа, орта және ұзақ мерзімге бөлеміз. Мұндай кездесулер қаладағы барлық ауданда өтеді».

КӘСІПКЕРГЕ ҚАНДАЙ ҚОЛДАУ БАР?

Айталық, жиынға келген тұрғынның бірі кәсіпкерлік саласына қатысты қолдау болмай жатқанын айтып шағымданды. Ол «Астана» ӘКК АҚ арқылы 2024 жылы жер телімін «Көше саудасына – 1000 орын» жобасымен алып, сауда павильонын салмақ болады. Алайда жергілікті тұрғындардың қарсылығынан соң Алматы ауданынан жер берілмей, Есіл ауданынан қарастыруға уәде беріледі.

«Мен осыған сеніп, 2 млн теңгеге павильон істеттім. Бірақ ол жер тағы берілмеді. Кейін Нұра ауданынан жер бөлінді. Сондай-ақ «Астана» ӘКК АҚ маған қала сәулетіне сай павильон орнату керектігін ескертті. Оны да орындап, 5 млн теңге өз қаражатыма тағы павильон істеттім. Ал осыдан 2 апта бұрын құжат бойынша рәсімделген жерге оны орнатып, 3 млн теңгеден астам қаржыға тауар әкелдім. Келсем, орнатқан павильоным жоқ. Нұра ауданы әкімдігінен еш ескерту болмады. Айыппұл тұрағына алып кеткенін кейін білдім. Ал «Астана» ӘКК мамандары тағы да тұрғындар қарсылығы деп жауап берді. Мен жалғызбасты ана әрі бір отбасының асыраушысы ретінде көмек сұраймын» деді ол жиында.

Шаһар әкімі Жеңіс Қасымбек бұл мәселені өзі назарда ұстайтынын және кәсіпкерді жұма күні өтетін жеке қабылдауына шақырды. Аталған мәселені сол жерде Нұра ауданы әкімімен бірге талқылау керектігін түсіндірді.

«Жалпы бұл мәселе бойынша сізге міндетті түрде көмек береміз. Мұндай жағдай тұрақты бақылауымда болады. Ал қазір бұл бағдарлама тоқтағанын өзіңіз білесіз. Ал сіз сияқты бұрыннан кәсіпкерлікте келе жатқандардың жұмысы аяқсыз қалмайды» деп ашып айтты қала әкімі.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАЛАРЫ ҚОЙЫЛАДЫ

Мұнан соң аудандағы Іле көшесінің тұрғындары газ трубаларына қатысты сұрақ қойды. Мұндағы мәселе – «көгілдір отын» жүретін трубалардың жерге көму тереңдегінің таяздығы (60 см), сондай-ақ газ жүргізу кезіндегі жолдардың қайта-қайта бүлінуі. Екіншіден, осындағы кәріз құбырлары (Ш.Құдайбердіұлы – Абылай хан даңғылдарының аралығы) еш тиісті мекеменің балансында жоқ. Олай болмаған соң ешкім оны тазаламайды. Ал тұрғындар аталған құбырды өз ақшасына тазалатып жүр.

«Аталған мәселеге қатысты тиісті мекеме басшылығын шақырамыз. Тексеріс жүргізіп, тұрғындармен қайта сөйлесу керек» деген Жеңіс Қасымбек өз жауапты орынбасарына сол жерде мәселені шешуге тапсырма берді.

Аудандағы Оңтүстік-шығыс бөлігінің тұрғыны Өсербай Ғабиденұлы Ш.Құдайбердіұлы мен Есіл, сондай-ақ Хантау мен Есіл көшесінің қиылысында үлкен жүк көліктеріне тыйым жоғын мәселе етіп көтерді.

«Арнайы үлкен көліктердің жүруіне тыйым салынған жол белгісі тұр. Бірақ оны ескеріп жатқан жүргізуші жоқ. Бұл жерге бейнебақылау орнатса деген тілегіміз бар» дейді ол. Ал Жеңіс Қасымбек аталған мәселенің жыл соңына дейін орындалатынын айтты.

«Жалпы биыл тиісті компаниямен келісімшартқа сәйкес жыл соңына дейін қосымша 20 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылады. Соның ішінде осы ауданға да, осы сіз айтқан көшеде де қарастырылады. Әкімге мен тапсырма беремін. Бұл жұмыстарды желтоқсан айында аяқтап, камераларды іске қосуды жоспарлап отырмыз» деді елорда әкімі.

Бұдан бөлек, кездесуде мүгедек баласы бар, жалғызбасты ана Қымбат Керейбай инватакси, қаладағы дәріхана мен дүкендерге кіру кезіндегі пандустардың тым аздығын жария етті. Сондай-ақ жеке қабылдауға сұранған ол, өзінен бөлек, осындай балаларды тәрбиелеп отырған аналардың ұсынысы барын жеткізді. Ал қала тұрғынын жеке қабылдауға келіскен шаһар басшысы пандус пен инватакси мәселесін назардан тыс қалдырмады.

«Қазір қалада 129 инватакси бар. Өзге өңірлерден көп. Біз 2 жылда мұның санын 3 есе көбейттік. Оған бөлінетін бюджетті көтердік. Мәселе бойынша қосымша ұсынысыңызды беріңіз. Ал пандусқа келсек, қазір салынып жатқан жаңа құрылыстарда пандустар міндетті түрде бар. Ал бұрынғы салынған нысандарда жоқ екеніне келісуге болады. Алдағы кездесуде мұны сізбен бірге талқылаймыз» деді Ж.Қасымбек.

Аудандағы Nova rich тұрғын үй кешенінің тұрғыны Гүлназира Ілесбаева паркинг үстіндегі суағардың кемшілігін, жаңбырлы күні оның үсті көлшікке айналатынын жеткізді. Қала басшысы тиісті мекемеге жағдайды шұғыл зерттеуді, жұмыстың орындалуын тездетуді қатаң жүктеді.

Айта кетейік, кездесуде Жеңіс Қасымбек аудан әкімі Рүстем Тәуекеловке айтылған әр түйінді мәселемен тиянақты жұмыс жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ ұсыныстар мен сұрақтар бойынша тиісті салалық басқарма басшыларына да тапсырмалар берілді.



№96 (4840) 16/08/2025 Сенбі

МЕКТЕПТЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРДІ

Жаңа оқу жылының басталуына екі апта қалды. Елорда мектептерінде дайындық жұмыстары қызу жүріп жатыр. Биыл 30 мыңнан астам бүлдіршін алғаш рет мектеп табалдырығын аттайды.



Осы аптада Астана қаласы мәслихатының депутаттары білім беру нысандарындағы жөндеу жұмыстарына бөлінген бюджет қаржысының тиімді жұмсалуын және қауіпсіздік шараларының сақталуын тексеруді бастады.

Әсіресе салынғанына көп жыл болған ескі білім ордаларына ерекше назар аударылды. Қазіргі таңда реновация бағдарламасы аясында күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары, сондай-ақ қосалқы ғимараттар салу ісі жүргізілуде. Бұл мақсаттарға қаржы бөлу туралы шешім депутаттардың ескі мектептерді аралауынан кейін қолдау тапқан болатын. Тексеру жұмыстары алдымен ең проблемалық нысандардан басталды. Мәселен, №23 мектептің жертөлесіне жерасты сулары кіріп кеткен, ғимаратқа күрделі жөндеу қажет. Мұнда 1 қыркүйекке дейін ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстары толық аяқталмақ. Ал келесі жылы шатырды жөндеу, аумақты абаттандыру және спорт алаңын жаңарту жоспарланып отыр.

«Аралас мектептерде оқушылардың 60%-ы орыс тілінде, ал небәрі 40%-ы мемлекеттік тілде білім алады. Бұл арақатынас соңғы жылдары өзгеріссіз қалып отыр. Мемлекеттік тілде білім беретін сыныптардың үлесін арттыру – маңызды әрі уақыт күттірмейтін міндет. Барлық анықталған кемшіліктерді жою үшін тиісті шаралар қабылданады» дейді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

ҚЫЗМЕТІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ТИІМДІ?

Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында коммуналдық заңды тұлғалар қызметінің тиімділігін арттыру мәселелері талқыланды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Алдымен баяндама жасаған қалалық Активтер және мемлекеттік сатып алулар басқармасының басшысы Нұрлан Әлімжанов қазір елорданың коммуналдық меншігінде 412 заңды тұлға барын жеткізді. Жекешелендірудің кешенді жоспарымен таныстырды. Ал Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов аталмыш басқармаға қарасты «Астана-Көгалдандыру құрылысы» ЖШС, «Астана орманы» ЖШС, «Астана ветсервис» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыстары жайлы әңгімеледі. Сондай-ақ Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Асхат Қарағойшин, Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Әнуар Саипов, Энергетика басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мақсат Есмағұлов, Коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Олжабек Абайұлы баяндама жасады.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабденнің айтуынша, коммуналдық заңды тұлғалар жұмысының негізгі көрсеткішінің бірі – табысты кәсіпорындар санын арттыру және шығынға жұмыс істейтіндерді азайту.

«2023 жылдан бастап Астанада басқару тиімділігін бағалау бойынша тәуелсіз кеңесшілерді тарта отырып мониторинг жүргізілуде. Нәтижесінде ондаған кәсіпорын шығыннан шығып, табысты ұйымдар саны айтарлықтай артты. 2021-2025 жылдарға арналған Жекешелендірудің кешенді жоспары аясында бірқатар кәсіпорын сатылды немесе қайта ұйымдастырылды, кейбірі таратылды. Алдағы уақытта жекешелендіруге және таратуға жататын кәсіпорындардың тізімі бекітілді. Өткен жылмен салыстырғанда табысты және өзін-өзі ақтайтын кәсіпорындар саны өсті, ал олардың қызметінен қала бюджетіндегі түсім бірнеше есе артты» дейді қалалық мәслихат төрағасы.

Отырыс қорытындысында кредиторлық және дебиторлық берешекке талдау жүргізу, шығынға жұмыс істейтін кәсіпорындарға ерекше назар аударып, оларды табысты ету стратегиясын әзірлеу тапсырылды.

ВЕЛОЖОЛДАР ҰЗАРЫП БАРАДЫ

Бас қалада «экологиялық» көлік мінетіндер саны артып келеді. Оны танымал ету үшін тиісті инфрақұрылым белсенді түрде дамуда. Бүгінде веложолдардың ұзындығы 152 шақырымнан асты.

Елордада экологиялық көлік қарқынды дамып келеді. Қалада 1500 электркөлік, 90 электрқұю станциясы бар. Сондай-ақ велоинфрақұрылымды салу бойынша ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда веложолдардың ұзындығы 152,75 шақырымды құрайды.

Еске салайық, 2018 жылы Есіл ауданында ұзындығы 34 шақырым болатын «Велосипед көлігін дамыту» жобасының бірінші кезеңі іске қосылды. Бұл учаске Орталық саябақ пен «Жасыл белдеу» веложолын жалғады. «Жасыл белдеу» аумағында ұзындығы 23 шақырым болатын жол торабы салынды.

2020 жылы ұзындығы 89 шақырым болатын велосипед көлігінің екінші кезеңдік инфрақұрылым жобасы әзірленді. 2021 жылы Ғ.Мүсірепов көшесі, Абылай хан, Ш.Құдайбердіұлы, Р.Қошқарбаев, Мәңгілік ел даңғылы бойында 7,5 шақырым веложол пайда болды.

2024 жылы Мәңгілік ел даңғылын қайта жөндеу жұмысы аясында ұзындығы 3 шақырымдық (бірінші кезең) веложол төселді. Ал Қабанбай батыр даңғылы бойында Сығанақ көшесінен ипподромға дейін ұзындығы 6 шақырымнан асатын веложол салынған болатын.

Биыл Сығанақ көшесінде (Қабанбай батырдан Тәуелсіздікке дейін) ұзындығы 0,4 шақырым веложол, Мәңгілік ел даңғылының екінші кезеңдік қайта жөндеуінде (Ұлы даладан Қабанбай батырға дейін) ұзындығы 1 шақырым веложол салынды. Құрылыс жалғасып жатыр, оны осы жылдың қазан айында аяқтау жоспарланып отыр.

Елордадағы №43 қосымша білім беру мектебінің оқушылары мен ұстаздары өз қолымен алма бағын отырғызып, баптап өсірді. Биыл олар 60 келіден астам өнім жинады. Бақ «Жасыл ел» жасағының мүшелері де күтім жасады.

БІЛІМ ОРДАСЫНДАҒЫ АЛМА БАҒЫ

«Мектебіміздің ауласында өсірген алмаларымызды теріп жатырмыз. Мұнда төрт түрлі сорттағы 30-дан астам ағаш отырғызылған. Қатты аяз кезінде бақтың жартысынан айырылып қала жаздадық, бірақ көктемде оқушылар үсік шалған алма ағаштарын қайта қалпына келтіруге кірісті. Міне, енді себетімізге 60 келіден астам алма жиналды. Бұл – оқушыларымыздың, ұстаздарымыздың және «Жасыл ел» жастарының еңбегі. Бақ күтім жасау, еңбегіміз «Таза Қазақстан» бағдарламасының аясында жүзеге асуда. Сондықтан балаларымыздың жауапты әрі еңбекқор болып өсіп келе жатқанына қуанып отырмыз» деді мектеп директоры Руслан Тәкебаев.

Ірі экологиялық бағдарлама жас ұрпақтың бойында табиғатқа деген саналы және ұқыпты қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған. Бүгінде бақшада биология, еңбек, дүниетану пәндері бойынша сабақтар, сондай-ақ сыныптан тыс іс-шаралар мен шеберлік сабақтары өтеді. Соңғы 3 жылда мектеп 15 ірі экологиялық акция ұйымдастырды.



ЖҰМЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

Елордадағы «Abu Dhabi Plaza» сауда-ойын-сауық орталығында Есіл ауданы әкімдігі мен Еңбек мобильділігі орталығының ұйымдастыруымен «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында ауқымды бос орындар жәрмеңкесі өтті.

Іс-шараға түрлі саладағы 50 компания мен ұйым қатысып, шамамен 2000 бос жұмыс орнын ұсынды. Жәрмеңке көптеген жұмыс іздеушілерге әлеуетті жұмыс берушілермен тікелей тілдесіп, қызықтырған сұрақтарын қоюға және алғашқы әңгімелесуден өтуге мүмкіндік берді. Мұндай кездесулер жұмыспен қамту деңгейін арттыруға, сондай-ақ аудан көлемінде жаңа жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін ашуға ықпал етеді.



АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылы 19 тамызда сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. Астана қаласының жеңіл рельсті көлік станцияларына атау беру туралы.

2. «Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласын басқару тәсімі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 9 тамыздағы № 62/7-VIII шешіміне толықтыру енгізу туралы.

3. Астана қаласында құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамы туралы.

4. Астана қаласы мәслихаты депутатының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

Анықтама үшін телефон: 8 (7172) 55 66 36

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы



ӘДРЕШЕВ МАНАП БЕКТАСҰЛЫ
(02.01.1951–15.08.2025 ж)

02.01.1951 жылы Олжабай ауылы Ерейментау ауданы Ақмола облысында дүниеге келген.

1971 ж. Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтының тарих пәні мамандығы бойынша бітірді.

1971-1972 жж. Ақмола облысы Ерейментау қаласындағы №2 орта мектепте тарих пәнінің оқытушысы болған.

Ақмола облысы Ерейментау қаласындағы №2 орта метебінің оқу ісінің меңгерушісі.

1974-1979 жж. Ақмола облысы Ерейментау аудандық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы.

1979-1985 жж. Ерейментау аудандық партия комитеті жалпы бөлімінің меңгерушісі.

1985-1991 жж. Ақмола облысы Ерейментау ауданы «Горный» кеңшарының партком хатшысы.

1991-1994 жж. Ерейментау ауданы Бозтал ауылдық кеңесінің төрағасы, кейін сол ауылдың әкімі.

1994-1997 жж. Есіл АҚ Ерейментау филиалы директорының орынбасары.

1997-1999 жж. Бөгенбай батыр атындағы қазақ орта мектебінің директоры.

1999-2015 жж. Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәдениет бөлімінің бастығы.

2015-2021 жж. Ерейментау аудандық Бөгенбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музейінің ғылыми жетекшісі.

2021-2022 жж. Аудандық «Рухани жаңғыру» орталығының меңгерушісі.

2022 жылдан бастап, Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің медиатобының төрағасы және президиум мүшесі.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалі, «Үздік өлкетанушы» төсбелгісі, «Ерейментау ауданының құрметті азаматы» медалі, жоғарғы партия және мәдени саланың Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары.

Астаналық ардагерлер ұйымнан, Алматы ауданының ардагерлер кеңесінің атынан марқұмның Әдрешев Манап Бектасұлының туған-туысқандарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтып, алдынан жарылқасын деп сабырлыққа шақырады.


С.ЕСІЛОВ,
Астана қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы

№96 (4840) 16/08/2025 Сенбі

СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕН ЕЛОРДАЛЫҚТАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту – ұлт саулығының кепілі. Бұл салаға жүйелі түрде қолдау көрсетіп, әрбір азаматтың спортпен шұғылдануына мүмкіндік жасау – біздің басты міндетіміз» деп атап өткен болатын. Ал алдағы жексенбі – Спорт күні. 2003 жылдан бері атап өтілетін кәсіби мерекенің маңызы зор. Бұған қоса біздің халықтың бұрыннан денсаулықты басты байлық санап, оның қадірін жіті түсінуге бағытталған тәрбиені қалыптастырғаны да белгілі. Мұндай ұстанымдағы халықтың дені сау, ойы сергек болатыны анық дүние. Әрі бұл үшін мемлекет барлық жағдайды істеп жатыр.

















Ержан ҚОЖАС

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ – ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Тақырыпта айтылғандай, «Бұқаралық спорт – ұлт денсаулығының кепілі» деген сөз бекер емес. Спорт – тек денсаулық кепілі ғана емес, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастырудың тиімді құралы. Ал елордада бұқаралық спортпен қамту және салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді.

«Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығындағы қала тұрғындарының саны – 1 566 566 адам болса, елордада 992 дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ұйымы жұмыс істейді. 601 200 адам спортпен жүйелі түрде айналысады, бұл – қала тұрғындарының 40%-ын құрап отыр. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 42%-ға жеткізу жоспарланған. Сондай-ақ жыл басынан бері жоспарға сәйкес, 1050 бұқаралық спорттық іс-шара өткізу керек болса, оның 511-і бүгінде жүзеге асты. Оның ішінде 66-сы – халықаралық, 88-і – республикалық, 357-сі – қалалық деңгейдегі жарыстар. Аталған спорттық іс-шараларға барлығы 450 мың адам қатысып, оның ішінде 87 179 спортшы, 362 821 көрермен қамтылды» дейді Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Азамат Ағзамов.

Азамат Қазезұлының айтуынша, Астанада бірқатар халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстар өткен. Атап айтсақ, эстетикалық гимнастикадан «Astana Alan Cup» халықаралық турнирі, конкур бойынша Еуразиялық лига аясындағы әлем кубогының кезеңі, Қазақстан мен Дания, Албания, Армения ұлттық құрамалары арасындағы футзал және футбол матчтары, дзюдодан «Qazaqstan Barysy Grand Slam» халықаралық турнирі, IBSA 2025 пара дзюдо әлем чемпионаты және т. б. жарыстар ұйымдастырылды. Бұған қоса киберспорттан «Counter-Strike 2 – PGL Astana 2025» халықаралық турнирі, Astana Half Marathon, баскетболдан Virtus World Basketball Championship, «Толағай» алыптар сайысы мен футболдан әлем чемпионатының іріктеу кезеңі: Қазақстан – Солтүстік Македония кездесуі де елордада өткен.

«Биыл біздің салада төрт негізгі бағыт бойынша ауқымды жобалар іске асырылуда. Бірінші – «Таза Қазақстан» акциясы негізінде жыл бойы 60-тан астам іс-шара өткізу жоспарланды. Екінші бағыт – «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасы. Бұл бойынша біз 94 іс-шараны қамтимыз. Одан соң «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай 13 спорттық мақсаттағы іс-шара өтсе, «Заң мен тәртіп» бағытында жастардың азаматтық жауапкершілігін дамыту, құқықтық сауаттылықты арттыру бағытында іс-шаралар ұйымдастырылуда» дейді ол.

ТЕГІН ЖОБАЛАРДЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Мемлекет басшысының тапсырмасымен дене шынықтыру және спортпен айналысатын азаматтардың санын арттыру үшін Астанада бірқатар арнайы бағдарламалар мен жобалар әзірленген. Бүгінде қала тұрғындарына «Aulafit» спорттық-әлеуметтік пен «Өзіңнен баста» өзін-өзі қорғау бойынша жаттығу жобасы, йога мен скандинавиялық жүріс бойынша тегін оқу-жаттығу сабақтары және «Funny Sport» жазғы спорттық іс-шарасы жүріп жатыр. Мұның барлығы – қала тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыруда жыл сайын ұйымдастырылып келеді.

Ақпаратқа сенсек, жалпы бас қалада 10 спорт мектебі жұмыс істейді, оның ішінде 2 балалар мен жасөспірімдер, 2 мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі және бір жоғары спорт шеберлігі мектебі бар. Ал осы мектептерде 8 мыңнан астам елордалық бала кәсіби спортпен айналысып жүр.

> Кейінгі 10 жылда Астанада мемлекет тарапынан қолдауға ие болған дене шынықтыру мен спорт саласын дамытуда ауқымды жұмыс жетерлік. Оның дәлелі – қаланың әр аумағында бой көтеріп жатқан жаңа спорт нысандары мен халықтың күнделікті салауатты өмір салтына деген ұмтылысының артуы

Басқарма басшысы орынбасарының сөзінше, қалада өтіп жатқан спорттық іс-шаралар – тек халық денсаулығын нығайтумен шектелмей, елорданың халықаралық деңгейдегі оң имиджін қалыптастыруға да зор үлес қосуда.

ЖАҢА КЕШЕНДЕР САЛЫНУДА

Кейінгі 10 жылда Астанада мемлекет тарапынан қолдауға ие болған дене шынықтыру мен спорт саласын дамытуда ауқымды жұмыс жетерлік. Оның дәлелі – қаланың әр аумағында бой көтеріп жатқан жаңа спорт нысандары мен халықтың күнделікті салауатты өмір салтына деген ұмтылысының артуы.

«Қазір Астанада халықтың спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі 1 мың адамға шаққанда 37,1%-ды құрайды. Қалада 819-дан астам спорт нысаны жұмыс істейді. Оның ішінде 35 ірі спорт нысаны бар, соның 17-сі нақты бір спорт түріне мамандандырылған. Ал биыл жеке инвестициялар есебінен үш жаңа спорт нысаны пайдалануға берілді. Сондай-ақ спорт инфрақұрылымын одан әрі дамытуға қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасымен бірлесіп, 40 жер телімі белгіленді. Оның ішінде 3 учаскеде бассейні бар дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу жоспарлануда» дейді А.Ағзамов.

Бүгінде қалада 2 дене шынықтыру-сауықтыру кешені жұмыс істейді. Биыл «Теміржол» және «Үркер» тұрғын алаптарында тағы екеуі пайдалануға берілмек. Әрі «Жеңіс» спорт кешені жанынан көркем гимнастика талаптарына толықтай сай келетін жаңа жаттығу залының құрылысы жүруде.

«Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы Орталық стадион мен «Қазақстан» спорт сарайын реконструкциялау және модернизациялау жұмыстары жүргізілуде. Нысандарды пайдалануға беру 2026 жылға жоспарланған. Одан бөлек, Есіл ауданында «Қазақстан темір жолы» АҚ қолдауымен жабық мұз айдынының құрылысы жүріп жатыр. Орталық саябақ аумағында шаңғы базасының құрылысы басталды. Оны пайдалануға беру алдағы қыркүйек-қазан айларына жоспарланған. 300 адамдық «Инклюзивті спорт орталығы» жобасы конкурстық комиссиядан қолдау тауып, құрылысы басталды. Бұл да жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Бұған қоса 15 мың орынға арналған «Көпфункционалды спорт кешені» жобасы қарастырылуда» дейді ол.

> «Қазір Астанада халықтың спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі 1 мың адамға шаққанда 37,1%-ды құрайды. Қалада 819-дан астам спорт нысаны жұмыс істейді. Оның ішінде 35 ірі спорт нысаны бар, соның 17-сі нақты бір спорт түріне мамандандырылған

ЖЕТІСТІКТЕР ЖЕТЕРЛІК

Еңселі елордада дүбірлі додаларда топ жарып, Астанамен қатар, ел абыройын асқақтатып жүрген спортшы көп. Айталық, биыл бірінші жартыжылдықта елорда құрамасының спортшылары 5000-нан астам түрлі медальға ие болыпты (алтын – 1956, күміс – 1706, қола – 1613). Ал жарыстар бойынша айтсақ, Астана құрама командасының спортшылары 1308 спорттық іс-шараға қатысқан.

Атап өтсек, ақпан айында Астана командасы Харбин қаласында өткен IX қысқы Азия ойындарында бақ сынады. Жарыс 11 спорт түрі бойынша ұйымдастырылған. Қазақстан ұлттық құрамасы сапында өнер көрсеткен Астана командасы бес спорт түрінен 37 спортшыны додаға қосыпты. Сонымен қатар, олар төрт жылда бір рет өтетін VI қысқы Спартакиадада жалпыкомандалық есепте II орынды иеленіп, 14 алтын, 15 күміс және 6 қола медаль жеңіп алды.

Тағы бір мысал, Астанада ерлер мен әйелдер арасында бокстан әлем кубогы өтті. Бұл – Олимпиадалық World boxing ұйымының Қазақстандағы алғашқы жарысы. Беделді бәсекеде Астана намысын үш спортшы – Санжар Ташкенбай мен ағайынды Айбек және Нұрбек Оралбай қорғаған. Нәтижесінде Санжар мен Айбек алтын, ал Нұрбек күміс медаль жеңіп алды. Осылайша Қазақстан өз жерінде өткен әлем кубогын сегіз алтынмен қорытындылап, ел мерейін асқақтатты.

Елордалық спортшылардың мұндай жетістіктері туралы ауыз толтырып айтар басқа мысалдар да жеткілікті.

Расында спортты сүйетін, оған ерекше ден қойып, көңіл бөлетін халық барда – Қазақстан спорты ешқашан кенжелеп қалмас. Алдағы байрақты бәсекелерде біздің спортшылар толағай табыстарға қол жеткізіп, ел спортының мәртебесі де асқақтай түсері анық. Ал салалық басқармадағылар спортшылардың алаңсыз жаттығып, халықаралық ареналарда ел намысын абыроймен қорғауы үшін барлық мүмкіндікті жасап, үзбей қолдау көрсететінін айтып отыр.







Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы Иманжүсіп Латкенұлы Ақпомбаевпен сұхбат

ЕЛОРДАДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ: ТӘЖІРИБЕ, СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ, СОНДАЙ-АҚ БЮДЖЕТ КОДЕКСІНІҢ ЖАҢА НОРМАЛАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКЕ ӘСЕРІ

– Құрметті Иманжүсіп Латкенұлы, Сіз алдыңғы сұхбаттарыңызда Тексеру комиссиясының бюджеттік процестегі маңызды рөлі туралы нақты айтып өткен болатынсыз. Енді елорда бюджетінің қаражатын пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Сіздің мемлекеттік тексеру органы қандай амалдарды қолданатынын айтып өтсеңіз?

– Иә, шынымен де, Тексеру комиссиясы сыртқы мемлекеттік аудит органы ретіндегі қызметінің негізгі мақсаты заңнама бұзушылықтарын анықтау ғана емес, сонымен қатар, анықталған кемшіліктерді жою және тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар негізінде пәрменді ұсыныстар әзірлей отырып, бюджет қаражатын, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқару мен оларды тиімді пайдалануды арттыруға көбірек бағытталғанын атап өткім келеді.

Біздің қызметіміздің тәсілдерінің бірі тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану болып табылады, яғни мемлекеттік аудит объектілерін жоспарлау кезінде тәуекелдердің қорытынды мәндері негізге алынады, олар бекітілген Үлгілік әдістеме негізінде аудит объектілерінің кіріс деректері бойынша қорытылады. Бұл ретте объектідегі соңғы мемлекеттік аудиттің мерзімі, анықталған қаржылық бұзушылықтар, бюджеттік қаражаттың игерілуі, тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштеріне қол жетуі және басқа да факторлар ескеріледі. Яғни, бұл жүйе аудит объектілерінің Тізіміне жоғары тәуекелдік дәрежесі және бұзушылықтар ықтималдығы бар объектілерді енгізуге мүмкіндік береді.

Әрі қарай, аудиттің сапасын арттыру, қателіктерді жіберіп алмау, еңбек және уақыт ресурстарын тиімді бөлу үшін аудиттің өзін тікелей жүргізу кезінде бұлыңғырлықты болдырмау және аудит объектісі қызметінің маңызды аспектілеріне назар аударуды қамтамасыз ету үшін әрбір аудиттің мақсаттары мен міндеттері нақты анықталады. Ақпарат пен деректердің үлкен көлемін өңдеу қажет болған жағдайда іріктемелі әдіс пайдаланылады және автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Бұдан басқа, Тексеру комиссиясының сапаны бақылау бөлімі алдын ала зерделеуден бастап, аяқталғанға дейін тексерудің барлық кезеңдерінде мемлекеттік аудиттің сапасына бақылау жүргізеді.

Тексеру нәтижелері бойынша аудит объектілерінің қызметін ұйымдастыруды жақсартуға тиісті тапсырмалар мен ұсынымдар беріледі, сондай-ақ Тексеру комиссиясы бухгалтерлік қызмет қызметкерлеріне, бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бухгалтерлік есепті, қаржылық есептілікті жүргізудің дұрыстығы және бұзушылықтарды болдырмау, әсіресе жүйелі түрде қайталанатын бұзушылықтарды болдырмау үшін семинарлар өткізеді.

Әрі қарай, біз аудит объектілерінің қабылдаған шаралары мен ұсынымдарына тұрақты мониторинг жүргіземіз, бұл олардың тиімділігін бағалауға және қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ әрбір аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша біз орталық мемлекеттік органдарға нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар жолдаймыз.

– 2024 жылы Сіздің орган қызметінің негізгі көрсеткіштерін өзгертудің қандай үрдісін атап өтуге болады? Өткен кезеңмен салыстырғанда бұзушылықтар көп пе, әлде азайды ма? Сіздің тарапыңыздан қандай шаралар қабылдануда?

– Әрине, біз жыл сайын бұзушылықтарды анықтаймыз. Олар негізінен экономиканың барлық салаларына қатысты, әлеуметтік салада және нақты секторда анықталған мемлекеттік ресурстарды тиімсіз жоспарлаумен және қаражатты пайдаланумен байланысты келеді. Әрине, қаржылық бұзушылықтар.

2024 жылы жүргізілген 15 аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 67,6 млрд теңгені (2023 жылы – 70,9 млрд теңге), тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің көлемі – 40,9 млрд теңгені (2023 жылы – 69,6 млрд теңге), тиімсіз жоспарлау – 107,9 млрд теңгені (2023 жылы – 41,5 млрд теңге) құрады.

Егер өткен есепті жылғы кезеңмен салыстырғанда қаржылық бұзушылықтардың шамалы төмендеуі байқалады немесе 5,3%-ға, бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімсіз пайдалану 41,2%-ға қысқарды. Бұл ретте, тиімсіз жоспарлау бойынша бұзушылықтар іс жүзінде 2,6 есеге артты.

Егер бұзушылықтардың түрлері туралы айтатын болсақ, онда бұл бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізудің бұзушылықтары, мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарын орындамау, мемлекеттік меншікті басқару кезіндегі мәселелер және басқа да бұзушылықтар орын алады.

Аудит қорытындылары нормативтік-құқықтық актілердің өзгеруіне жауапты тұлғалардың жедел әрекет етуінің жеткілсіздігі, заңнамаларды білмеуі, мемлекет қаражаты мен активтердің пайдаланылуына бақылаудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ туындайтын салалық проблемалардың кешенді талдауының болмауы себебінен бұзушылықтарға жол берілетінін көрсетеді.

Біздің тарапымыздан бұзушылықтарды жою үшін шаралар қолдану үшін аудит объектілеріне нұсқамалар жіберіледі, сондықтан 2024 жылы аудит объектілеріне 60 нұсқама жіберілді.

Сондай-ақ Тексеру комиссиясының құзыреті шеңберінде жалпы сомасы 4,7 млн теңгеге анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша 39 хаттама жасалды.

Бұдан басқа, уәкілетті органдар Тексеру комиссиясы жүргізген аудиттердің қорытындысы нәтижесінде анықталған 99 факті бойынша аудит объектілерінің заңды тұлғалары мен лауазымды тұлғаларына 11,7 млн теңге сомасына айыппұл салды.

Егер біз сыбайлас жемқорлық белгілері бар фактілерді анықтасақ, онда қаулы қабылданғаннан кейін материалдар құқық қорғау органдарына жібереміз.

– Аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары елордаының басқару органдары тарапынан басқарушылық шешімдер қабылдауға және қаржылық тәртіпті жақсартуға қандай да бір ықпалы туралы айтып өтсеңіз?

– Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша анықталған барлық проблемалық мәселелер бойынша ақпарат тұрақты негізде Астана қаласының мәслихатына және Астана қаласының әкіміне жіберіледі және мәслихат депутаттарының, қала басшылығының қатысуымен өтетін кеңестерде талқыланады.

Әрине, аудит объектілері біздің барлық тапсырмаларды, ұсынымдарды уақытында орындайды, өйткені оларға заң жүзінде орындамағаны және тиісті орындамағын үшін жауапкершілік қарастырылған.

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша жыл сайын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатының сапасыз жоспарлануына әкеп соқтыратын бұзушылықтар мен кемшіліктер атап өтіледі, олар: есептеулерге ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етпеу, нәтижелілік көрсеткіштерді сапалы айқындау бөлігінде бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу, бекіту бюджеттік талаптарды сақтамау және оларды бюджеттік өтінімдерде қамтылған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен өзара байланыстыру болып табылады. Нәтижесінде, аталған бұл жағдайлар қаражатты тиімсіз пайдалануға алып келеді.

Аудиторлық іс-шаралардан басқа Тексеру комиссиясы жергілікті бюджеттің атқарылуын бағалауды жүргізеді, бағалау шеңберінде бюджетті жоспарлау және атқару жөніндегі уәкілетті органдарға, кірістер мен шығыстардың жоспарлы көрсеткіштерін түзете отырып, бюджетті сапалы жоспарлауды қамтамасыз ету, игермеу тәуекелдерге талдау жүргізе отырып, жергілікті бюджет қаражатын тиімді пайдалану және бюджет қаражатының қалдықтарын ұтымды бөлуге байланысты уақытында тиісті шараларды қолға алу бөлігінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне ұсынымдар беріледі.

Алайда Тексеру комиссиясының ұсынымдары үнемі тиісті деңгейде орындала бермейді, бұл туралы аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары растайды. Менің ойымша, бұған мемлекеттік органдар басшыларының жиі ауысуы, заңнама нормаларын білмеуі, қызметкерлердің тәжірибесінің болмауы және мамандардың тұрақсыздығы сияқты факторлар әсер етеді.

Сонымен қатар, мүлікті тиімді пайдалану, ішкі нормативтік құжаттарды (Жарғы, Ереже, Есеп саясаты) заңнама талаптарына сәйкес келтіру, сапалы қызмет көрсету, еңбекақы төлеу жүйесін реттеу, басқару органдарының тарапынан қызметкерлерді оқыту, аудит объектілерінің ішкі қызметін жақсарту бағытындағы ұсынымдарымыз уақытында орындалады.

– Тексеру комиссиясы мемлекеттік аудит органы ретінде өз функцияларын жүзеге асыру шеңберінде басқа да билік органдарымен және жұртшылықпен қалай өзара іс-қимыл жасайды?

– Тексеру комиссиясы құзыретінің шеңберінде Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен, Астана қаласы мәслихатымен, атқарушы органдармен, құқық қорғау органдарымен, қоғамдық ұйымдармен өзара бірлесіп жұмыс істейді. Тексеру комиссиясы осынау бірлескен іс-қимылында елордаының әлеуметтік-экономикалық келешек бейнесін қалыптастыруға және қаланың даму мақсаттарына қол жеткізу тәуекелдерін кешенді анықтауға әрекет ететін стратегиялық серіктес болуға ұмтылады.

Астана қаласы мәслихатымен, Жоғары аудиторлық палатасымен, жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл мынадай дәстүрлі бағыттар бойынша іске асырылады:

• мәслихаттың қарауына жергілікті атқарушы органның тиісті есебіне қорытынды болып табылатын мазмұны бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсынады;

• мәслихат депутаттарының сауалдары бойынша ақпарат дайындайды;

• аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелерін мәслихатқа және елорда әкімінің аппаратына ұсынады;

• Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің, аппарат басшысының мәслихат сессиялары мен отырыстарына, оның тұрақты комиссияларына, сондай-ақ Астана қаласы Қоғамдық кеңесіне қатысады;

• мәслихат депутаттарының аудиторлық іс-шаралардың қорытындыларын қарау жөніндегі Тексеру комиссиясының отырыстарына қатысады;

• Жоғары аудиторлық палатаға есепті кезеңдегі өз жұмысы туралы тоқсан сайын ақпарат береді;

• Жоғары аудиторлық палатамен және Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен қатар және бірлескен тексерулер жүргізеді.

– Қазіргі уақытта Тексеру комиссиясының алдында қандай негізгі сын-қатерлер мен проблемалар тұр?

– Жоғарыда атап өткенімдей, Тексеру комиссияларының жұмысы бюджетті жоспарлау және орындау кезінде бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған деп едім.

Бюджеттің атқарылуын бағалау қорытындылары көрсеткендей, елорданың бюджеттік процесінде жыл сайын бюджеттің атқарылу сапасына ықпал ететін оңтайлы да және теріс тұстар жеткілікті.

Мысалы, соңғы 3 жылда бюджеттің орындалмауының елеулі сомалары байқалады (2022 жылы – 16 461,7 млн теңге, 2023 жылы – 5 752,5 млн теңге, 2024 жылы – 11 830,5 млн теңге).

Жыл сайын бюджеттің кіріс бөлігінің айтарлықтай асыра орындалуы байқалады (2022 жылы – 33 134,9 млн теңге, 2023 жылы – 23 285,2 млн теңге, 2024 жылы – 77 629,1 млн теңге), ол бюджеттің көптеген түзетулеріне қарамастан, еліміздің астанасын дамытуға уақытында пайдаланылмайды. Бұл жағдай, біздің ойымызша, бюджеттің кірістері мен шығыстарын теңестірудегі сапасыз жоспарлаумен түсіндіріледі.

Тексеру комиссиясы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджетті толық игермеуінің: жобалау-сметалық құжаттамалардындағы түзетулер, мемлекеттік сатып алу бойынша аяқталмаған конкурстық рәсімдер, өнім берушілердің орындалмаған шарттық міндеттемелері, сот талқылаулары, сондай-ақ орындаушылардың жауапкершілігінің төмендігі және басшылық тарапынан бақылаудың болмау себеп салдарын атап өтеді.

Өздеріңіз білетіндей, елорда экономикасының дамуымен жыл сайын халық санының, аумақтың, әлеуметтік объектілердің, демек, жергілікті бюджет көлемінің өсуі байқалады. Осы факторлардың барлығы мемлекеттік аудиторлардың жұмысына ауыртпалық түсіреді, өйткені біздің жұмысымызда талдау мен тиімділік аудитін жүргізу үшін неғұрлым мұқият және жете тексеруді талап ететін көптеген рәсімдер бар.

Сонымен қатар, соңғы жылдары біздің аудиторларды Жоғары аудиторлық палатаның, сондай-ақ құқық қорғау органдарының аудиторлық іс-шараларына қатыстырылады, бұл Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараларды уақытында аяқтауға және комиссия жұмысының тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Осылайша, кез келген құрылым сияқты, бізде де белгілі бір проблемалық мәселелер бар, оларды мүмкіндігінше шешуге тырысамыз.

– Сіздің ойыңызша, Бюджет кодексінде қандай маңызды өзгерістер енгізілді, олар Тексеру комиссиясының жұмысына қалай әсер етеді?

– 2025 жылғы наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Бюджет кодексі бюджет қаражатын пайдалануға бақылауды күшейтеді және мемлекеттік аудиттің рөлін арттыра түседі. Өзгерістер мемлекеттік қаражатты жұмсаудың тиімділігін, бюджеттік процестердің ашықтығын арттыруға және ақшаны мақсатты пайдалану үшін жауапкершілікті күшейтуге бағытталған.

Мысалы, Кодекс Ұлттық қордың қаражатын пайдалануды шектейді, атап айтқанда, квазимемлекеттік сектордың жеңілдетілген қаражат бөлінуіне тыйым салады, қаржыландыру үшін жобаларды іріктеудің қатаң өлшемдерін белгілейді. Сондықтанда мемлекеттік аудит органы ретінде Тексеру комиссиялары Ұлттық қор қаражатының мақсатты пайдаланылуына және жобалардың тиімділігіне аса назар аударуы қажет.

Бюджеттік бағдарламалардың мақсатына қол жеткізбегені үшін мемлекеттік органдар мен аймақ басшыларының ортақ жауапкершілігі енгізіледі. Бұл мемлекеттік аудит тарапынан бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану себептеріне неғұрлым терең талдау жүргізуді және кінәлілерді анықтауды білдіреді.

Жалпы, Жаңа Кодекс бюджетаралық қатынастарды жақсартуға, оның ішінде тексеру комиссияларының рөлін күшейту есебінен жақсартуға арналған. Бұл шығыстардың жекелеген баптары бойынша емес, бағыттар бойынша бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін неғұрлым кешенді бағалау үшін жергілікті атқарушы органдар мен Тексеру комиссияларының неғұрлым тығыз өзара іс-қимылын қажет етеді, сондай-ақ мемлекеттік аудиттен аудит нәтижелері туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін талап етеді.

Осылайша, мемлекеттік аудит органдары жаңа талаптарға бейімделіп, өз жұмысының тиімділігін арттыру үшін ауқымды жаңа мүмкіндіктерді пайдалануы қажет.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

12.08.2025 №510-2696

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж.Нұркеновке жүктелсін.

Әкім Ж.ҚАСЫМБЕК

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «12» 08
№ 510-2696 қаулысына
қосымша

Өзгерістер енгізілетін Астана қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 510-593 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 9-жолға «Альжанов Болат Кабиденович» қосылсын;

«Құқық» деген бағанда:

реттік нөмірі 9-жолға «Жеке меншік» деген сөздер «Ортақ үлестік меншік» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 510-634 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 29 маусымнан 2024 жылғы 29 маусымға дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 мамырдағы № 510-1736 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 12 тамыздан 2025 жылғы 12 тамызға дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

4. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 510-4523 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 15 шілдеден 2025 жылғы 15 шілдеге дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

5. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 6 наурыздағы № 510-648 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 10 маусымнан 2025 жылғы 10 маусымға дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

6. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 510-3692 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 3 сәуірден 2024 жылғы 3 сәуірге дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

7. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 15 мамырдағы № 510-1380 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 11-жол «Айдашев Байсал Айтжанұлы» деген сөздер «Айдашева Раушан Жусуппековна» деген сөздермен ауыстырылсын.

8. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 4 маусымағы № 510-1618 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 25-жол «Мельник Николай Никитович» деген сөздер «Мельник Тамара Васильевна» деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 30-жол «Мордовская Светлана Дмитриевна» деген сөздер «Ланге Светлана Дмитриевна» деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 91-жол «Макарушенко Любовь Николаевна» деген сөздер «Макарушко Любовь Николаевна» деген сөздермен ауыстырылсын.

9. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 510-1525 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 3-жолға «Султанбеков Таир Зейнуллаевич, Султанбекова Айгерим Армановна, Фишбах Роман Борисович, Фишбах Ирина Васильевна, «Финансовый центр» АҚ, «Казахстанская топливная компания» ЖШС, «Сервисный центр «КазТурбоРемонт» ЖШС, «Трансгелеком» қосылсын» АҚ;

10. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 510-1498 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 22 шілдеден 2025 жылғы 22 шілдеге дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 5-жол «Керше Қайрат Елепайұлы, Керше Айгуль Туякбаевна» деген сөздер «Керше Қайрат Елепайұлы, Ибраева Айгуль Туякбаевна» деген сөздермен ауыстырылсын.

11. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 мамырдағы № 510-1738 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 22 шілдеден 2025 жылғы 22 шілдеге дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

12. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 510-20 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 20 сәуірден 2024 жылғы 20 сәуірге дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

13. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 сәуірдегі № 510-1440 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 22 шілдеден 2025 жылғы 22 шілдеге дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 3-жолға «Султанбеков Таир Зейнуллаевич, Султанбекова Айгерим Армановна, Фишбах Роман Борисович, Фишбах Ирина Васильевна, «Финансовый центр» АҚ, «Казахстанская топливная компания» ЖШС, «Сервисный центр «КазТурбоРемонт» ЖШС, «Трансгелеком» қосылсын» АҚ;

14. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 3 мамырдағы № 510-1568 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 22 шілдеден 2025 жылғы 22 шілдеге дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

15. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 15 мамырдағы № 510-1375 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулысының 1-тармағындағы «1,6000» деген сандар «3,0815» деген сандармен ауыстырылсын;

жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымша келесі жаңа редакцияда жазылсын:

«

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы «15» мамырдағы № 510-1375 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер иелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-320-135-1118	«Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС	117447	30672	Астана қ., Есіл ауданы, № 229 айналма жол ауданы, №8/1 ғимарат	Авиациялық-техникалық орталықты пайдалану (1-кезек)	12.04.2066 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
2.	21-320-135-3880	«Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС	5619	143	Астана қ., Есіл ауданы, № 229 айналма жол ауданы, №8/1 ғимарат	Авиациялық-техникалық орталықтың үшінші кезегін пайдалану	28.01.2068 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану

№96 (4840) 16/08/2025 Сенбі

АБАЙ АМАНАТЫН АРДАҚТАДЫ

Amanat партиясы Астана қалалық филиалының бастауыш партия ұйымдары арасында ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абай аманаты» зияткерлік байқауы өтті.



Amanat партиясының Сарыарқа аудандық филиалы ұйымдастырған байқаудың мақсаты – Абайдың бай рухани және философиялық мұрасын насихаттау, оның шығармашылығы мен идеяларына қызығушылықты дамыту, патриоттық құндылықтарды нығайту және қатысушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру.

Жиыны 16 команда қатысқан байқау «Бәйге», «Бәрі біледі», «Ақылды команда», «Абай әлемі», «Білгенге – маржан» атты бес кезеңнен тұрды. Соның барысында командалар Абайдың өмірі мен шығармашылығы, оның философиялық көзқарастары, сондай-ақ оның мұрасының қазіргі қоғам үшін маңыздылығы туралы білімдерін көрсетті. Қатысушылар дайындықтың жоғары деңгейін, эрудиция мен халқымыздың мәдени мұрасына құрмет көрсетті. Қорытындысында жеңімпаз командалар қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

СКАНДИНАВ ТАЯҒЫМЕН ЖАТТЫҒАДЫ

Елордадағы Жетісу саябағында скандинавиялық жүрістен кезекті жаттығу өтті. Оған қала тұрғындары мен қонақтары қатысты. Жаттығу бір сағатқа созылып, нұсқаушы қатысушыларға жүрістің дұрыс техникасын түсіндірді.

«Бұл – өте қолжетімді әрі пайдалы спорт түрі. Барлық бұлшықет жұмыс істейді: арқа, қол, аяқ. Маған әсіресе дененің тік қалпына келуі ұнайды. Бар болғаны бір айдан бері айналысып жүрмін, бірақ қазірдің өзінде нәтижесін көріп жүрмін» деді жаттығуға қатысушы Әсел Құдайқұлова.

Жобаны қала әкімдігінің Дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырды. Сабақтар тіркеусіз, тегін өткізіледі.

«Скандинавиялық жүріс – біздің басым жобаларымыздың бірі. Қазір жаттығулар елордаңың бірден алты саябағында өтіп жатыр. Әркімнің үйіне жақын жерде тегін спортпен айналысуына жағдай жасауға тырысамыз. Қызығушылық артып келеді, әр жаттығуға 20-30 адам қатысады» деді Астана әкімдігі Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Ержігіт Өсербай.

Сабақтар 6 тамыздан 5 қазанға дейін аптасына үш рет – сәрсенбі, жұма және жексенбі күндері сағат 19:00-ден 20:00-ге дейін өтеді.

Жаттығу орындары:

• «Жетісу» саябағы (Есіл ауданы) – «Шарын шатқалының» артында;

• «Йога» саябағы (Сарыарқа ауданы) – Бейбітшілік көшесі мен Бұқарбай батыр көшесінің қиылысы;

• Орталық саябақ (Нұра ауданы) – шаңғы-роллер трассасы;

• «Жеруйық» саябағы және Триатлон паркі (Алматы ауданы);

• Президент саябағы (Сарайшық ауданы) – Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, 1Б.

Маңызды ақпаратты +7 747 095 78 62 телефоны арқылы алуға болады. Жаттығу кестесі Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының сайтында және Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясының әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланады.

Бетті дайындағандар **Аманғали ҚАЛЖАНОВ, Шапағат ӘБДІР**

ӨЗТҮРІК ПЕН ТҮЛКИЕВКЕ АРНАЛДЫ

Астанадағы Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында таеквондодан (WT) Kazakhstan Open 2025 халықаралық рейтингілік турнирі басталды.



Дүниежүзілік таеквондо федерациясының (World Taekwondo) ресми күнтізбесіне енген бұл турнир үш жас санатын қамтыды. Жасөспірімдер, жастар және ересектер.

Жарыстың ашылу салтанатына Дүниежүзілік таеквондо федерациясының президенті Чунгвон Чо, қазақстандық таеквондо федерациясының президенті Кудрат Шамиев және ҚР Ұлттық Олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкин мен ҚР Туризм және Спорт министрі Ербол Мырзабосынов сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

«Мемлекет басшысының спорт саласындағы сындарлы саясатының арқасында елімізде дене шынықтыру мен спорт саласы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде ерекше орынға ие болып отыр. Отандық спортшылар халықаралық ареналарда сәтті өнер көрсетіп жүр. Бүгінде Қазақстанда 71 мыңнан астам адам таеквондомен тұрақты түрде айналысады. Турнирді қазақ жерінде өткізуге сенім артқаны үшін Дүниежүзілік таеквондо федерациясының президенті Чунгвон Чо мырзаға, жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Ұлттық таеквондо федерациясына, сондай-ақ қолдау білдірген бүкіл спорт қауымдастығына алғысымды білдіремін» деді ҚР Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов.

Ашылу рәсімі Қазақстандағы таеквондо қозғалысының негізін қалаушы Мұстафа Өзтүріктің туғанына 70 жыл және Қазақстан таеквондо федерациясының тұңғыш президенті Бексейіт Түлкиевті еске алуға арналды. Осы айтулы датаға орай олардың перзенттері – Неслихан Өзтүрік пен Ерсұңқар Түлкиевке шапан тарту етілді.

Жалпы жүлде қоры 15 808 000 теңгені құрайтын байрақты додаға Ауғанстан, Армения, Канада, Франция, Үндістан, Иран, Қазақстан, Кувейт, Қырғызстан, Оман, Люксембург, Марокко, Непал, Пәкістан, Палестина, Қытай, Сауд Арабиясы, Түркия, Тунис, Біріккен Араб Әмірліктері, АҚШ елдері және бейтарап мәртебедегі (AIN) 750-ден астам спортшы қатысады. Олардың қатарында Олимпиада чемпиондары мен әлемдік рейтинг көшбасшылары бар.

Айта кетерлігі, Kazakhstan Open 2025 – елімізде соңғы сегіз жылда өтетін алғашқы G-1 деңгейлі халықаралық турнир. Бұған дейін мұндай жарыстар 2015 жылы Алматыда және 2017 жылы Атырауда өткен болатын.

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония әншісі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Мұратбек Хайролда Тыва елінде өткен халықаралық байқаудың бас жүлдесін жеңіп алды.

ТЫВАНЫ ТАМСАНТТЫ

2025 жыл Тывада Отан қорғаушы жылы болып жарияланды. Аталмыш байқау осы жыл аясында ұйымдастырылып, сол елдің еңбек сіңірген әртісі Аяс Данзырын рухына арналды. Оның репертуарында «Алдын согун» атты ән бар еді. Байқауға дәл осы атау берілді. Бұдан бұрынғы жылдары бұл байқауда Қазақстаннан Мұратбектің ұстазы Нұрғали Тұрлыбеков топ жарған еді. Осы жолы ол құрметті қонақ ретінде қатысты. К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің түлегі Мұратбектің өзі – көптеген республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты, «Қазақстан дауысы-2015» жобасының жеңімпазы.



БАЛУАНДАРЫМЫЗ ҚАРУЛЫ

Астанада әскери қызметшілер арасындағы қазақ күресінен өтіп жатқан CISM Әлем чемпионатының бірінші жарыс күні қорытындыланып, Қазақстан спортшылары ауыз толтырып айтарлық жеңістерге қол жеткізді.

Онда, жеті отандасымыз финалдық кезеңге жолдама алып, ерекше өнер көрсетті. Атап айтар болсақ, ерлер арасында 55 кг салмақта екі дүркін әлем чемпионы Бекжан Төлепов ирандық қарсыласын ұтып, алтынға ие болды. 66 кг салмақта халықаралық дәрежедегі спорт шебері Сағындық Әшім өзбекстандық чемпионмен тартысты белдесуде жеңіске жетті. Әйелдер арасында 48 кг салмақта V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жеңімпазы Айжан Жылқыбаева, ал 56 кг салмақта екі дүркін әлем чемпионы Рауза Нұрмұхамметова жеңіске жетіп, жанкүйерлерін қуантты.

Қорытынды нәтижелер бойынша әзірге Қазақстан балуандары 4 алтын, 3 күміс және 1 қола медальға қол жеткізді.



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №96
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Райхан РАХМЕТОВА**